

**Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі  
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп тексеру кафедрасы**

**Дәріс қоры**

**Тақырыбы: «Кәмелетке толмағандардың катысумен, топпен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықты тергеп-тексеру»**

**Қарағанды 2016**

## ЖОСПАРЫ:

### Кіріспе

1. Кәмелетке толмағандармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы істер бойынша өндірістің тәртібі.
2. Кәмелетке толмағандармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу және тергеу ерекшеліктері.

### Қорытынды

Кіріспе.

Қазақстан Республикасының Конституциясында бірінші кезекте мемлекеттің жоғары құндылықтары адам мен азаматтың құқықтары, бостандықтары мен жеке мүдделері болып табылады.

Осыған орай, қазіргі заман талабына сай адамның құқықтарын, бостандықтарын, денсаулығы мен өмірін қандай да бір қол сұғушылықтан қорғау қабілеті бар құқықтық мемлекетті құруды қажет етеді.

Бұл көзқарас Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарына арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында да және ҚР Президентінің 2010 жылдың 29 қаңтарында Қазақстан халқына паш еткен баяндамасында да өз көрінісін тапқан. Сонымен қоса, бұларда қылмыстық іс жүргізуге қандай да бір нысанда қатысатын тұлғалардың Конституциямен берілген заңды кепілдерін жетілдіру мәселелері де қарастырылған.

Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады.

Құқық қорғау органдарының қызметтері, әрі олардың статустық мәртебесі, қылмыспен күресудегі ерекшелігі және азаматтардың құқықтық мәдениеті мен сапасын көтеруге байланысты елімізде құқықтық реформалар өтіп жатыр. Құқықтық мемлекет құруға байланысты заңдылықты күшейту жұмыстары, соның ішінде қылмыстық заңдардың қазіргі өмірлік талапқа сай қайта өзгерту мен толықтырулар енгізу арқылы жүзеге асырылуда.

«Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Барлық құқық қорғау жүйесі жұмысының сапасын арттыру қажет. Зор өкілеттілік пен құқық иеленген шенділер мінсіз мінез-құлқымен және жоғары кәсіби деңгейімен ерекшеленуге тиіс. Аса маңызды міндет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру. Әкімшілік реформа қажетсіз қағазбастылық пен құжат айналымының қолайсыз үдерісіне айналмауға тиіс. Халық алдында есептілігін арттырып, нәтижеге деген жауапкершілігін күшейте отырып, жергілікті жерлердегі басқару органдарына көбірек дербестік беру керек. Қылмыспен күресуде және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету - әрбір құқықтық мемлекеттің міндеті болып табылады ....» - деп атап кеткен.

Дамыған қоғам барлық жерде тәртіп пен реттілік орнатудан, жайлы подъезден, жинақы ауладан, таза көшеден және жарқын жүзді адамдардан басталады. Біз ең ұсақ құқық бұзушылықпен, бұзақылықпен, мәдениетсіздікпен ымыраға келмеуіміз керек, өйткені, осының өзі қоғам тыныштығын бұзады, өмірдің сапасына селкеу түсіреді. Тәртіпсіздік пен бетімен кетушілікті сезіну одан да елеулі қылмыстарға жол ашады. Ұсақ құқық бұзушылыққа төзбеу ахуалы – қоғамдық тәртіпті нығайтуға, қылмыспен күреске бастайтын маңызды қадам. Біз құқықтық нигилизмді жеңіп, қоғамды қоғамдық тәртіпті қорғау ісіне тартуымыз керек. Біз әлеуметтік бүлдіргі пиғылды жұмысқа орналасу

мәселесімен байланыста қарауымыз керек. Біз қоғамдық орындардағы бұзақылық әрекет үшін жеке іс қағазында және резюмеде міндетті түрде көрсетілетін және жұмысқа қабылдау, қызмет сатысы бойынша өсіру кезінде ескерілетін жаза қолдануды енгізуіміз керек. Мұның бәрі қоғамдық өмірдің нормасы болуға тиіс....» - деп атап кеткен.

Біздің мемлекетіміздің президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің сөзінде айтып кеткендегі – «Қылмыспен күресуде және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету - әрбір құқықтық мемлекеттің міндеті болып табылады».

Осы Жолдауда құқық қорғау саласы бойынша алдағы уақытта атқарылатын жаңа реформалау қажет екендігі туралы бірнеше басым бағыттар алға тартылды. Құқық қорғау саласындағы жаңа реформалар қоғамға оңтайлы септігін тигізетіні сөзсіз. Жолдауда айтылғандай алдағы онжылдықта демократиялы елімізде жоғары халықаралық стандарттарға сай құқық қорғау жүйесінің болуы заман талабы екені белгілі. Сонымен қатар, Жолдауда Елбасы жүктеген тапсырмалары бойынша құқық қорғау органдарының алдағы уақытта құқық бұзушылықтың алдын алу әрекеттерін, ұйымдасқан қылмыс пен есірткі заттарын заңсыз айналымға түсірумен байланысты қылмыстарға қарсы күрес жұмыстарын күшейту туралы көрсетілген.

Алдарыңызға ұсынылып отырған дәрісте кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстарды тергеу ерекшеліктері қарастырылған. Сонымен қатар, СДТТ байланысты сұрақтар, кәмелетке толмағандардың қатысуымен жүргізілетін тергеу әрекеттерінің процессуалдық, тактикалық және психологиялық аспектілері, сондай-ақ осындай санаттағы істер бойынша тағайындалатын сот сараптамаларын іске асыру мәселелері баяндалып отыр.

Құрылымы бойынша дәріс кіріспеден, екі негізгі сұрақтан, қорытындыдан және өздігінен дайындыққа қажет әдебиеттер тізімінен тұрады.

Кәмелетке толмағандардың қатысуымен, топпен жасалған қылмыстар бойынша тергеуді ұйымдастыруы әдістемесі елеулі өзгешілігімен көзге түседі. Осы қылмысқа қатысты қозғамдама ерекшеліктері және кәмелетке толмағандар ағзасының жасына байланысты психофизиологиялық құрылымымен анықталады.

Кәмелетке толмағандар қылмысының қозғамы (мотив) көбіне, тез әсерлену, біреуге еліктеу немесе негізінде топтық сипатта болады. Мұндай көріністер қылмысқа дайындық барысында, оны жасау тәсілінде, қылмыстың заты мен объектісін таңдау кезінде, қылмыс іздерін жасыру және ұрланғанды саудалау үстінде байқалып жатады.

Тергеудің нәтижесі көбіне тергеу әрекеттерін дер кезінде, бір жүйеде және ұтымды жүргізумен, сондай-ақ барлық тергеу процесінде тергеушінің жұмысын нақты жоспарлап - ұйымдастырумен анықталады.

Ескеретін бір жай, тергеудің әдістемесіне қатысты ұсынымдар криминалистиканың ғылыми негізделген теориялық қағидаларына және тергеу органдары жұмысының озық тәжірибесіне арқа тұтқаны жөн болар.

1. Кәмелетке толмағандармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы істер бойынша өндірістің тәртібі.

Кәмелетке толмағандар ретінде қылмыс жасаған уақытта он төрт жасқа толған, бірақ он сегізге толмағандар жатады (ҚР ҚК 80–бабы).

ҚР ҚК 80-бап. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы -

1. Осы бөлімнің күші қолданылатын кәмелетке толмағандар деп қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытқа қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылады.

2. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандарға жаза тағайындалуы мүмкін не оларға тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін.

81-бап. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері

Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері:

- 1) белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
- 2) айыппұл;
- 3) түзеу жұмыстары;
- 4) қоғамдық жұмыстарға тарту;
- 5) бас бостандығын шектеу;
- 6) бас бостандығынан айыру болып табылады.

Кәмелетке толмағандарға белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге тағайындалады. Айыппұл кәмелетке толмаған сотталған адамның дербес табысы немесе өндіріп алуға жарайтын мүлкі болған жағдайда ғана тағайындалады. Айыппұл айлық есептік көрсеткіштің оннан екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде тағайындалады.

Түзеу жұмыстары дербес табысы немесе өзге тұрақты кірісі бар кәмелетке толмағандарға айлық есептік көрсеткіштің оннан екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде тағайындалады. Қоғамдық жұмыстарға тарту қырық сағаттан бір жүз елу сағатқа дейінгі мерзімге тағайындалады, ол кәмелетке толмаған адамның қолынан келетін жұмыстарды орындауы болып табылады және ол оны оқудан немесе негізгі жұмысынан бос уақытында орындайды. Он алты жасқа дейінгі адамдардың бұл жаза түрін орындау ұзақтығы – күніне екі сағаттан, ал он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі адамдар үшін күніне үш сағаттан аспауы керек. Кәмелетке толмағандарға бас бостандығын шектеу – екі жылға дейінгі мерзімге, ал бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның өтелмеген бөлігін бас бостандығын шектеуге ауыстыру жағдайында жазаның қалған өтелмеген бөлігінің бүкіл мерзіміне тағайындалады.

Кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру – он жылдан аспайтын, ал ауырлататын мән-жайлар кезінде адам өлтіргені немесе терроризм актісі үшін не қылмыстық құқық бұзушылықтардың біреуі ауырлататын мән-жайлар кезінде адам өлтіру немесе терроризм болып табылатын олардың жиынтығы бойынша он екі жылдан аспайтын мерзімге тағайындалуы мүмкін. Онша ауыр емес қылмыс немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес ауырлығы орташа қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру тағайындалмайды.

Кәмелетке толмаған сотталған адамдар бас бостандығынан айыруды:

1) бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған еркек жынысты кәмелетке толмағандар, сондай-ақ әйел жынысты кәмелетке толмағандар – жалпы режимдегі тәрбиелеу колонияларында;

2) бұрын бас бостандығынан айыруды өтеген еркек жынысты кәмелетке толмағандар – күшейтілген режимдегі тәрбиелеу колонияларында өтейді.

Іс-әрекеттің сипатына және қоғамға қауіптілік дәрежесіне, кінәлі адамның жеке басына және істің өзге де мән-жайларына қарай сот қабылданған шешімнің уәждерін көрсете отырып, еркек жынысты кәмелетке толмаған сотталған адамның бас бостандығынан айыруды жалпы режимдегі тәрбиелеу колониясында өтеуін тағайындауы мүмкін. Сот жазаны орындаушы органға кәмелетке толмаған сотталған адаммен қарым-қатынас кезінде оның жеке басының белгілі бір ерекшеліктерін ескеру туралы нұсқау беруі мүмкін.

Тергеудің мұндай әдістемесін құрастыруға объективтік және субъективтік табиғатымен көзге түсетін жоғарыда аталған жастағылардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктер себеп болып отыр. Объективтік жағын көрсетілген жас тобының ағзасындағы психофизиологиялық процестер құраса, субъективтік жағын – нақты тұлғаның ерекше қалыптасуы құрайды. Объективтік те, субъективтік те факторлар кәмелетке толмағандардың төмендегідей келбетіне елеулі түрде өз әсерін тигізеді: оның қоғамдық және құқықтық санасына, күнделікті тұрмыс және заң талаптарын қабылдауына, мінез-құлық қозғамы және мәнері, басқа адамдарға деген көзқарасы және т.б.

Қазақстан Республикасының ҚПК кодексінде кәмелетке толмағандар істері бойынша өндіріс арнайы 56–тарауына бөлектенген (530-545 бб.). Оның ерекшелігі былайша байқалған: осындай істер бойынша өндірістің тәртібі, жалпыға бірдей дәлелдеу затымен қатар анықтауға жататын қосымша жағдайлар, кәмелетке толмағандар істерін бөлек өндіріске шығару, жауап алу кезінде мұғалімнің қатысуы, сот өндірісінің өзгешелігі және т.б.

Заңнаманың кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстарға ерекше көңіл бөлуі конституциялық қағидалармен бірге, 1989 жылдың 20–қарашасындағы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы қабылдаған бала туралы Конвенция сияқты халықаралық-құқықтық маңызы бар құжаттардың ережелерін де байқатып отыр. Кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстарды тергеу әдістемесіне келетін болсақ, ол кәмелетке толмағандар тұлғасымен тығыз байланыстағы бірқатар ерекшеліктерді көрсете отырып, алдын ала тергеудің жалпы міндеттері мен қағидаларына негізделген. Аталмыш ерекшеліктер заңға қайшы әрекеттерді жасау арқылы, және де сол мезетте қалыптасқан тәрбие мен түсініктерге сәйкес, алдын ала тергеудегі мінез-құлықтарымен байқалады.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде 14–17 жасты ересек жас өспірімдер немесе ерте есейген жігіт қатарына жатқызады. Биологиялық жағынан жеткіншек жас тәндік қалыптасудың аяқталған кезеңіне сай келеді. Мұндай санаттағы тұлғалардың әлеуметтік жағдайы бірыңғай болмайды: оқушылар, жұмыс істеушілер, жұмыссыздар. Сонымен бірге 16 жастан қылмыстық жауаптылықты анықтайтындай олардың мінез-құлқы мән-жайды ажырата білетін, жігерлі сипатта болады, ал мынадай қылмыстар үшін 14

жастан қылмыстық жауаптылық орнатылған: кісі өлтіру (99–бап), денсаулыққа қасақана ауыр зардап келтіру (106–бап), ауырлататын жағдайларда денсаулыққа қасақана орта дәрежелі зардап келтіру (107–баптың 2–тармағы), зорлау (120–бап), Сексуалдық сипаттағы зорлық зомбылық әрекеттері (121–бап), адамды ұрлау (125–бап), ұрлық (188–бап), тонау (191–бап), қарақшылық (192–бап), қорқытып алу (194–бап), автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иеленіп алу (200–баптың 2-3-4–тармақтары), ауырлататын жағдайларда қасақана мүлікті бүлдіру (202–баптың 2-3–тармақтары), терроризм (255–бап), адамды кепілге алу (259–бап), терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау (273–бап), қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттар мен жару құрылғыларын ұрлау не қорқытып алу (291–бап), ауырлататын жағдайлардағы бұзақылық (257–баптың 2-3–тармақтары), тағылық (294–бап), есірткі, психотроптық заттарды сол тектестерді тұтынуға көндіру (299–бап), өлген адамдардың мәйіттерін және олар жерленген жерлерді қорлау (231–баптың 2–тармағы), көлік құралдарын немесе қатынас жолдарын қасақана жарамсыздыққа келтіру (350–бап).

Ата аналарының балаларына мәселелеріне қатысты мынадай шешімдер:

- Кәмелетке толмағандардың жарты көпшелегі бір күндерін өздеріне арналған, ал ата аналары балаларының не істеп қойып жүржүргендеріне ешқандай ақпараттары жоқ;

- Негізінен әр отбасында баланың мінез-құлығы отбасына байланысты;

- Көпшілік ата –анлардың балаларының іс –әрекеттеріне көңілдерін бөлмейді және бұған қатысты даладағы көрініс деп өздерінің қол бостығын түсінбейді;

- Көбісі ата аналарының балаларының тәрбиесімен айналасуы керек;

- Сынып жетекші, мектеп психологы, әлеуметтік мұғалім.

Басым көпшілік ата-аналар, олардың балалары нашақор, маскүнім, қылмысткер болып кетеді деп ойламайды. Олардың тағдырына басым көпшілігі көшелік немесе аулалық ортаны бұзықы бабалардың кінәлі деп ойлайды.

#### **Бос уақыты**

Қай жерлерде жасөспірімдер бос уақыттарын еркін өткізеді	% жауап
- үйде	54,4
- басқа жерлерде	44,1
- би залында	17,6
- далада	10,3
- кафеде	11,8
- туыстарда қонақта	5,9
- кітапханаларда	1,9

Сауалнаманың көрсету бойынша кәмелетке жасы толмағандар көпшілігі «теледидар алдында» өткізеді.

К/т теледидар алдында отыратын уақыттары	% жауап
- бос уақыт көбісінде	
- бос уақыт жартысында	
- бос уақыт аз мөлшерінде	
- мүлдем теледидар қарамайтындар	

К/толмағандардың қылмыс жасаған себептері	% жауап
Заңды білмегендігі	
Жазасыздықтағы сенімділік	
Көңіл көтеруді қалайтын, жұмыссыздық	
Қатарларының ортасында көрінуді қалайтындар	
Қолайсыз жағдай	
Достардың жағынан қысым көрсету	
Ішімдіктер, нашақорлықтар әсері	
Шамасы келмейтін ата-аналар үшін ұяттың, кінәнің сезілуі	

Заң әдебиетте кәмелетке толмаған құқық бұзушыларды арасындағы айырмашылық шартты түрде екендігін ескерсек, төрт типтегі тұлғаларға жіктеген.

Біріншіге, алғаш рет қылмыс жасағандарды жатқызуға болады: олардың бастауыш мінез-құлқы мен адамгершілік бейнесі жеткілікті дұрыс. Әдетте, мұндай жеткіншектер жанжалдық немесе төтенше жағдайлардың ықпалынан елеусіз құқық бұзушылықтар жасайды.

Екінші типтегі адамдарға да жағдайдың ықпалымен алғаш рет қылмыс жасағандарды жатқызады, алайда, олардың бастапқы мінез-құлқы сондай жақсы болмаған. Олар, спирт ішімдіктерін, есірткі заттарды пайдалану, шылым шегу, үйден қашып кету сияқты жағымсыз әдеттерге бейім болады.

Үшінші тип – жалпы адамгершілігі өзгеріске ұшыраған жеткіншектер. Олар, осыған дейін әртүрлі құқық бұзушылықтар жасағандар, әкімшілік жауапкершілікке тартылғандар, арнайы мектептер мен кәсіби техникалық местептерге жіберілгендер. Қылмыс қозғамы мен мақсаты оларда үлкендердің немесе бұзақы замандастардың ықпал ету нәтижесінде қалыптасады. Көп қылмыстар аяқ астынан жасалынады: төбелес, бұзақылық, мастарға қарсы тонаушылық және т.б.



Төртінші типтегілерге адамгершілігі жағынан өзгеріске ұшырауы қоғам үшін елеулі қауіп төндіретіндер жатады, олардың мінез-құлқында тұрақты қоғамға қарсылық сипат байқалады. Мұндай санатта сотталғандар да болады (шартты түрде сотталғандар, мерзімнен бұрын шыққандар және т.б.), әдетте олар жұмыстан, оқудан жалтарады, жеткіншектерден тұратын қылмыстық топшаларға бірігеді немесе үлкендердің қылмыстық құрылымдарында тұрады. Олар қатыгез, мейірімсіз, дөрекі және ұялу дегенді білмейді, негізгі алдарына қойған мақсаттары – баю, ашкөздік және пайдакүнемдік. Қызығатындары – уақыт оздыру, құмарта ойындар, ішімдік және секс.

Жоғарыда көрсетілген типтерге қарамастан, кәмелетке толмағандардың қылмысын тергеу барысында жастық кезең ерекшеліктерін ескеру қажет. Көтеріңкі белсенділік пен жылдам қозғыштық қасиеттер жеткіншекті біреумен танысуда талғамсыз болуға итермелейді, жанжалдасуға ұйытқы болады. Тәуелсіз болуға құлшынып тұрған жас өспірімдер қоршаған ортадан және қоғамға қарсы көзқарастағы ересектерден жағымсыз тәрбие алып өсуі мүмкін. Мұндай әсерге ұялшақ, қорғалақ, отбасында сый-сияпат көрмей өскендер жақын тұрады. Жас өспірімдердің мінез-құлқындағы көп нәрселер олардың өзін танытуға, замандастар арасында беделді және батыл болуға ықылас білдірумен анықталады.

Жас өспірімдерде ұстамдылық жүйесі шынықпаған, олар өз жүріс-тұрыстарына әліде болса, бақылау жасай алмайды. Жас өспірімдердің мұндай осалдықтарын көбіне үлкендер дер кезінде қылмысқа тарту үшін пайдалана қояды. Кейбір жеткіншектерге тұрпайылық, дөрекілік және ашушандық тән, ол нашар тәрбие берудің нәтижесі. Сондықтан да олармен кездесіп-сөйлескенде жоғарыдағы факторларды да, сондай-ақ жас өспірімдерге тән қасарысу және онымен қатар жүретін өтірікшілдікті ескерген жөн. Алайда, жеткіншек бойындағы өтірікшілдікті әрқашан мінез-құлық белгісі ретінде тануға болмайды: оны достық пен бірлестікті қате түсіну салдарымен, сатқын боламын деген қорқынышпен, өзіне көңіл аудару ынтасымен түсіндіруге болады. Әрине, мұндай көріністер әрбір жастағы қылмыскердің бойына тән қозғаммен де анықталады, яғни жауаптылық пен жазадан қорқу, қатысушылар жағына кек алу мүмкіндігі. Өзін-өзі тәрбиелеуге құлшыныс білдіру кейде теріс жетілуге әкеп соқтырады, егерде өнеге көрсетуші ретінде қоғамға жат қылыққа бейім тұратын тұлға таңдап алынса. Бірге думандатып жүргендердің арасынан жора-жолдас табуға құлшыныстың нәтижесі рухани байлықтан жұрдай топқа енумен аяқталып, кейде қылмыстық қызметке де ұласуы мүмкін. Жас өспірімдердің қылмысы әдетте, топпен жасалынатыны кездейсоқтық емес, оның түп-тамыры басшылары ересек немесе кәмелетке толмаған бұзақылар болған мұндай серіктесушіліктің қадағалаусыз қалуында.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, кәмелетке толмағандардың қылмысын тергеу барысында төмендегідей мәселелерді ескерген жөн: өмірлік тәжірибенің жеткіліксіздігі; болып жатқандардың түпкі мәнін толық түсіне білмеу салдарынан ереже, түсінік және өзіне не жан-жағындағыларға баға беру қағидаларының жеткілікті түрде қалыптаспағандығы; сенгіштік, ашушандық, қызбалық, иланушылық, арбап-

корқытқанға көнгіштік; ұшқалақтық, ырықсыздық, үлкендерге еліктеушілік; өз мүмкіндіктерін асыра бағалаушылық.

Аталмыш факторларды ескеру тергеушіге қосымша міндеттерді жүктейді, көбіне тергеу әдістемесінің ерекшеліктерін анықтайды, іс-әрекеттер тактикасын қалыптастырады. Оның кәметке толмағандармен арақатынасы тек процессуалдық нормалармен ғана емес, сондай-ақ адамгершілік және психология бастамаларын кеңінен қамту керек. Кәметке толмағандардың істерінде мамандандырылған тергеуші (қазіргі кезде осы бағытта мамандандыру өте қажет) өзінің жалпы кәсіби біліктілігімен қатар, мейірімділік, жеткіншек тұлғасына қатысты сыйлы көзқарас, оны қайта тәрбиелеп-жетілдіру сияқты іс-қимылдармен де көзге түсу керек. Жеткіншектер қиянаттылыққы өте сезімтал келіп, өзіне қатысты әділеттілікті ерекше қадірлей біледі. Сондықтан да, тергеушінің олардың ісіне қажетті көңіл бөлуін, шындықты анықтауға талпыныс білдіруін, шынайы көзқараста олардың өтініштеріне, шағымдарына көңіл аударуын кәметке толмағандар көру керек.

Тергеуші әрдайым кәметке толмаған құқық бұзушыны зерттеп отыру керек, оның психологиясын анықтап, адамгершілік қасиеттері мен ішкі дүниесін түсінуге тырысқаны жөн. Бұл жерде жас өспірімдер тобына тән әуестіктерді білу өз үлесін қоспақ: спорт, ән, бейне және аудио жазба техникалары, компьютерлік ойындар және т.б. Мұндай мәселелерді ажырату қарым-қатынас орнатумен қатар, жеткіншекке дұрыс ықпал жасауға көмек береді. Осындай істер бойынша тергеушінің беделі бар еліктейтіндей үлгі болуы өте маңызды. Жеткіншекке айып тағылған кезде, ол жиналған дәлелдердің жеткілікті екендігінде күмән болмау керек. Сонымен бірге, тағылған айыптың мәнін түсіндіре отырып, тергеуші оның жасаған іс-қимылдарының қоғамға қауіпті екендігін, сондай-ақ өзіне және жақындарына, жәбірленушіге келтірген зиянның мөлшерін көрсеткені жөн.

Этикалық және тәрбиелік жағынан кәметке толмағандардың өтініші қараусыз қалмау керек, яғни ол тергеушінің әділ және істің мән-жайын толық түсінуге ынталы екендігіне көзі жету керек. Өтінішті қанағаттандырудан бас тартқан кезде, егжей-тегжейлі оның себебін түсіндіру қажет, яғни тергеушінің іс-қимылы дұрыс түсініліп, тура осылай ұстауға және жеткіншекке қарсы бұлтартпау шараларының қолдануына байланысты іс-әрекеттер дәлелденеді.

Тактикалық, әрі тәрбиелік жағынан тергеудің маңызды кезеңі ретінде психологиялық байланыс орнату болып саналады. Ол үшін алдымен тұлғаның мінез-құлқын тыңғылықты түрде зерттеу керек. Мәселен, жатырқамайтындық, жайдармандық байланысты орнатуға көмектесетін болса, керісінше, тұйық, іші арам, өтірікші, қатыгез және ашушан жеткіншектермен тіл табысу қиынға соғады. Сөйлеген сөздері мен істеген іс-қимылдарымен қатар, жеткіншекке тергеушінің ұқыпты сырт көрінісі, оның қамқорлығы, іс материалдарын мүлтіксіз білуі елеулі түрде ықпал жасайды. Тұйықтықты, қасақылықты, ашушандықты, дөрекілікті, әдепсіздікті жеңіп шығу үшін тергеуші шыдамдылық, сыпайылық, табандылық сияқты көзін жеткізу әдістерін қолдану керек. Психологиялық байланыстың маңызды элементі ретінде тергеушінің сөйлеген сөзі жүреді. Шамасы келгенше, сөйлеген сөз жарқын,

мәнерлі болып, ой-пікір мен іс-қимылдарды нақты көрсете білу керек. Біржақты, енжар және іш пыстыратын, сондай-ақ тым қатты, өткір және тым жай сөз сөйлеуге болмайды. Есте сақтайтын бір жай, жас өспірімдер мәнерлі сөйлеу білетіндерді көп сыйлайды.

Кәмелетке толмағандардың істерін тергеу барысында олардың тез шаршайтындығын ескерген жөн. Сондықтан жауап алу және басқа да тергеу әрекеттері бір сағаттан аспау керек.

Дәлелдеу затына қатысты ерекшелік жасалған қылмыстың әрбір мән-жайын анықтау кезінде байқалады. Мысалы, қылмыс құрамының объективтік жағын талдау барысында мынадай мәселелерді анықтау қажет: кәмелетке толмаған қандайда бір іс-әрекеттерді жасай алама, мәселен, жалғыз өзі ұрланған затты алып кетуге, қарсылық көрсетуге және т.б.

Қазақстан Республикасының ҚПК 530-б. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша іс жүргізу тәртібі көрсетілген. Осы тараудың ережелері қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде кәмелеттік жасқа, яғни он сегіз жасқа толмаған адамдардың істері бойынша қолданылады.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша іс жүргізу тәртібі осы Кодексте белгіленген жалпы қағидалармен, сондай-ақ осы тараудың баптарымен айқындалады.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша іс жүргізу тәртібі:

1) осы адамның бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бір іс жүргізуге біріктіріліп, олардың бір бөлігі он сегіз жасқа толғаннан кейін жасалған болса;

2) күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам сот ісін жүргізу кезінде кәмелетке толған жағдайларда қолданылмайды.

Кәмелетке толмағандардың істері бойынша дәлелдеу затының жалпыға мәлім элементтерімен қатар мынадай жағдайлар анықталу керек: 531-бап. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша анықталуға жататын мән-жайлар

Кәмелетке толмағандардың істері бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот талқылауын жүргізу кезінде, ҚР ҚПК 113-бабында көзделген, дәлелденуге жататын мән-жайлардан басқа:

- 1) кәмелетке толмаған адамның жасы (туған күні, айы, жылы);
- 2) кәмелетке толмаған адамның өмір сүру және тәрбиелену жағдайлары;
- 3) зияткерлік, ерік-жігерінің және психикалық даму дәрежесі, мінезі мен темпераментінің ерекшеліктері, қажеттіліктері мен мүдделері;
- 4) кәмелетке толмаған адамға ересек адамдар мен басқа да кәмелетке толмағандардың ықпалы анықталуға жатады.

Қазақстан Республикасының ҚПК 532-. Кәмелетке толмағандардың істері бойынша жариялылықты шектеу туралы айтылған. Кәмелетке толмаған күдіктінің, айыпталушының, сотталушының құпиялыққа құқығы қылмыстық сот ісін жүргізудің барлық кезеңдерінде сақталуға тиіс.

Есі ауысқандықты санамағанда, кәмелетке толмағанның ақыл-ойының жетіспеушілігі туралы мағұлмат болса, өзінің іс-әрекеттерін жете түсініп жасады ма, соны анықтау керек. Мұндай жағдайларды анықтау мақсатында ата-анадан, мұғалім және тәрбиешіден, сондай-ақ басқа да қажетті ақпарат бере алатын тұлғалардан жауап алынады, қажетті құжаттар алынып, тергеулік және соттық әрекеттер жүргізіледі.

Осылайша дәлелдеу затын талдап тексеру төмендегідей тактикалық ұсынымдарды дайындауға себеп болады: кәмелетке толмағанның мінез-құлқына, оның байланысына, қылмысты жасауға итермелеген себептер мен жағдайларға қатысты ата-анадан жауап алу; арақатынас болмай қалуы ықтимал сынып жетекшісімен қоса, басқа да мұғалімдерден жауап алу; бригадирмен қоса, бригаданың әрбір мүшесінен жауап алу; тұрғылықты мекен-жайда бірге тұратындардан және т.б. жауап алу.

Кінәлігін дәлелдеу кезінде ересектерге қарағанда, кәмелетке толмағандарды сипаттайтын қылмыстың әртүрлі қозғамдар бар екендігін ұмытпаған жөн. Оларға, достарына көмек көрсетуге ықылас білдіру, тентіктік, топта өз орнын табу, өзінің батылдығымен көзге түсу, күш және ептілік жағынан байқату және т.б. жатады.

Кәмелетке толмағандар қылмысын тергеу әдістемесінің ерекшелігі тергеушінің басқа да құқық қорғау қызметкерлерімен әрекеттесу арқылы да байқалады. Осылайша, осындай санаттағы қылмыстарды тергеуде мамандандырылған тергеушілер жас өспірімдермен айналысатын басқа да қызметтермен, оның ішінде учаскелік инспекторлар, анықтаушылар және кәмелетке толмағандар істері бойынша комиссия инспекторларымен қарым-қатынас орнатады. Мұндай іс-қимылдар өмір сүру жағдайы, оқу барысы, жұмысы, тұрмысындағы қоршаған орта, мінез-құлқы және бұрын жасаған бұзақылықтар жайлы қажетті мәліметтерді жылдам алуға мүмкіндік береді. Осындай мақсатпен оқу мекемелерімен (кәсіби техникалық училище сияқтылар), ұжымдар, кәсіпорын және ойын-сауық орталықтарымен де байланыс үзілмеу керек.

Кәмелетке толмағандар қылмысын тергеудің сапасы мен ұтымдылығы көбіне дер кезінде қылмыстық іс қозғауға байланысты болады. Қылмыстық істі қозғау туралы сұрақты шешуді азғана кешіктіргеннің өзі жеткіншектермен жаңа қылмыс, кейде олардың ауыр түрлерін жасауға жол ашып, дәлелдемелерді жоғалтуға мүмкіндік береді, ал ол болса тергеудің әрі қарай жылжуын қиындатады.

Сонымен бірге қылмыстық істі дер кезінде қозғау жазасыздық туралы ойды сейілтеді, жеткіншекке ересек қылмыскерлер, оның ішінде қылмысты ұйымдастырушылар тарапынан ықпал жасап, қылмыс іздерін жасыруға итермелеуін тоқтатады.

Алғашқы қолға түскен материалдарда қылмысты жас өспірім жасағандығын көрсететін мынадай мәліметтер болуы мүмкін. Біріншіден, қылмыс үстінде немесе оны жасасумен (өзі мойындап келуі ықтимал) ұсталу фактісі. Екіншіден, жәбірленуші немесе куәлар қылмыскерлердің жасын біледі немесе оларды сырт келбеті бойынша жас өспірімдер қатарына жатқызуға

болады деп санайды. Үшіншіден, қылмыскерлердің жеткіншектер екендігіне оқиға болған жердегі жағдай, іздер, қылмыс қастандығы және басқа да заттай дәлелдемелер көрсетіп тұр.

Кәмелетке толмағандар қылмысы туралы арыз ішкі істер органына түскен кезде, сотқа дейінгі тергеп тесеру жүргізуге міндетті, сонымен қоса кейінге қалдырылмайтын тергеу әрекеттерін жүргізуі тиіс. Олар:

а) қылмыстардың алдын алу және әшкерелеуге қатысты шараларды қабылдау;

б) ҚР ҚПК-нің 128–бабына сәйкес күдіктіні ұстау;

1) осы адам қылмыс жасау кезінде немесе тікелей оны жасағаннан кейін ұсталған;

2) көзімен көргендер (куәлар), оның ішінде жәбірленушілер қылмыс жасаған адам ретінде осы адамды тікелей көрсетсе не ол адамды осы Кодекстің 130-бабында көзделген тәртіппен ұстап алған кезде;

3) осы адамда немесе оның киімінде, өзінің бойында немесе тұрғынжайында қылмыстың анық іздері табылған кезде;

4) жедел-іздістіру қызметінің және (немесе) жасырын тергеу әрекеттерінің заңға сәйкес алынған материалдарында адамға қатысты ол жасаған немесе жасауға дайындап жатқан қылмыс туралы анық деректер болғанда, бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындалуы мүмкін қылмыс жасады деп күдік келтірілетін адамды ұстап алуға құқылы.

в) қылмыс орнын қарау;

г) жәбірленуші, куәларды айқындау.

Кәмелетке толмағандар қылмысын тергеуді жоспарлау кезінде дәлелдеудің жалпы затымен қатар, ҚР ҚПК 530–бабында көрсетілгендей оның жеке мезеттері де ескерілу керек. Фабуласы қарапайым болса да, мұндай істер бойынша күрделі және көлемді тергеу әрекеттері жүргізіліп жатады. Аталмыш көрініс төмендегідей мәселелерге байланысты болады: қылмыстар көбіне топпен жасалынады және қылмыстық істер негізінде біріктіріледі, міндетті түрдегі болжамдар шеңберін іске асыру, қосымша процессуалдық кепілдіктерді пайдалану қажеттілігі, ата-ана, мұғалім сияқтыларды қатыстыру міндеттілігі, жеткіншек тұрмысы мен тәрбиесін зерттеуден өткізу қажеттілігі.

ҚР ҚПК-нің 531–бабында көрсетілген жағдайларды анықтау, кәмелетке толмағандардың әрбір істері бойынша жасалған жоспарда бейнеленеді:

1. Кәмелетке толмағанның нақты, дұрыс жасын анықтау (туған жылы, айы, күні). Егерде жасы анықталмаған болса, осыған дейін көрсетілген іс-әрекеттерден басқа, жеткіншектің тұрғылықты жері, оқу орны, туған жеріндегі мұрағаттарға сұраныс жіберілуі мүмкін.

2. Кәмелетке толмағанның тұрмысы мен тәрбиесін зерттеу. Заңнаманың мұндай талабын іске асыру үшін жеткіншектің от басын сипаттайтын мәліметтерді жинау көзделген. Бұл жерде анықталатын мәселелер: жеткіншектің әкесі де, шешесі де бар ма, егерде жоқ болса, оның себебі; жеткіншекті кім тәрбиелейді; ата-аналарына (тәрбиешіге, қамқоршыға), жалпы оның семьясына (бірге тұратын ағаларына, інілеріне, қарындастарына, апаларына) қандай мінездеме беруге болады; семьядағы қарым-қатынас қалай,

адамгершілікке жат қылықтардың (жанжал, маскүнемдік, бұзықтық іс-қимылдар) ықпалы бар ма; материалдық-тұрмыстық жағдай қандай.

Жеткіншек бақылаусыз болса, оның себебін, яғни ата-анасының жұмыс істеу кестесі, ұзақ командировкалар, сырқаттану, балаларға деген парықсыз көзқарас және т.б. анықтау, егерде жас өспірім балалар үйінде, интернатта, арнайы оқу орнында тәрбиеленсе, бұл жерге қалай түсті, онда қандай жағдайда тәрбиеленді, оған тәрбиеші мен мұғалімдер қандай мінездеме береді.

Тұрмыстық жағдаймен қатар, жеткіншекті қоршаған ортаны білудің де елеулі маңызы бар: оның таныстары, жолдастары; олардың арасында бұрын қылмыскер болғандар барма; қоғамға пайдалы іс-әрекетпен айналыса ма, әлде айналыспайма, адамгершілікке жат өмір өткіземе, сондай-ақ құмарта ойындарға, маскүнемдікке, есірткі заттар пайдалануға тартқан ба. Осындай және басқа да жағдайларды анықтау арқылы жеткіншекке теріс ықпал жасайтын, ал кейде қылмысқа қатысушыларды айқындау мүмкіндігі пайда болады.

Кәмелетке толмаған оқима, әлде жұмыс істейме, қай жерде, кім болып, оқуға және үлкендерге деген көзқарасы, оның күнделікті мінез-құлқы, әріптестермен қарым-қатынасы, міне осылар анықталу қажет. Егерде кәмелетке толмаған оқимаса, жұмыс істемесе, онда ол қай себеппен және қашан оқуын немесе жұмысын тастап кетті, қандай шаралар қолданылды, қашан және кіммен, ұзақ уақыт бос жүрудің себебі неде және т.б.

От басы, тұрмыстық жағдайы, мектеп және өндірістегі қоршаған орта жайлы ақпараттар ата-анадан, туысқандардан, таныстардан, мұғалімдерден, тәрбиешілерден, бригадирлерден, көршілерден жауап алу арқылы анықталады. Осындай мақсатпен тоқтатылған қылмыстық істер бойынша да материалдар талап етіледі.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерді жинау барысында тергеушінің естен шығармайтын мәселелеріне жеткіншектің мінез-құлқы, оның әдеттері мен қызығушылықтары, уақыт өткізу түрі, жасына қарай ерекшеліктері (қиялға бату, илану, тұйықтық сияқты) туралы негізгі мағұлматтарды алу қажеттілігі жатады. Ақыл-ой, күш-жігер және психикалық даму, мінез-құлық пен қызбалық ерекшеліктерінің, сондай-ақ мұқтаждық және мүдделерінің деңгейі. Кәмелетке толмағандарға ересектердің және басқа жеткіншектердің ықпалы.

Көрсетілген заң талаптарын іске асыру үшін кәмелетке толмағанның қоғамға жат қылықтары мен әдеттерінің пайда болу себептерін анықтау қажет, қылмыстық ниеттің қалыптасуына әкеп соқтырған жағдайлар мен қылмысқа дайындалуға, жасауға, және ізін жасыруға итермелеген мәселелерді ажырата білу керек.

Әрбір іс бойынша мынадай болжамдар шығарылып-тексеріледі:

- а) ересек арандатушылардың немесе басқа да қатысушылардың болуы;
- б) бірнеше қылмыс жасаған жеткіншектер тобының (мүмкін үлкендердің де) бар болуы;
- в) хабарламау фактісінің немесе үлкендер жағынан (ата-ана, жеткіншек ұрланған зат қалдырған адамдар және т.б.) алдын ала уәде берілмеген жасырушылық;

г) жас өспірім ұрлаған заттарды үлкендердің сатып алуы және саудалауы;  
д) кәмелетке толмағандарды сұрамшақтылыққа, маскүнемділікке, құмарта ойындарға, есірткі заттар пайдалануға, қаңғырушылыққа тарту.

Осындай болжамдар бойынша жұмыс жасай отырып, әртүрлі варианттарды айқындау қажеттілігін ескерген жөн. Мысалы, кәмелетке толмағанды қылмыс жасауға мәжбүрледі немесе ол қылмыс жасаған кезде болды, бірақ оған белсене қатысқан жоқ.

Тергеу кезінде кәмелетке толмағанның ұстанған позициясына (көзқарасына) талдау жасауға ерекше көңіл бөлу керек: кәнісін мойындамау немесе керісінше, барлық істелінгенді өз мойнына алу. Мұндай көріністе ата-ананың ықпалы және кәмелетке толмаған қатал жазаланбайды деген ересек қатысушылардың үгіт-насихаты болуы мүмкін. Мінез-құлық қозғамы ретінде құрдастық сезімнің жалған түсінігі жүруі ықтимал. Осы жағдайларды анықтау әрбір болжамды тексерумен қоса жүру керек.

Жеткіншектер тобымен жасалған қылмыстарды тергеу барысында осы топ қашан және қалай пайда болды, бұл топ аяқ астынан құрылды ма, әлде қылмыстық ойларды іске асыру мақсатында алдын ала жұмылдырылды ма, міне осындай мәселелер анықталады. Қиын болса да, топтың әрбір мүшесінің атқаратын рөлін жекелендіруді шешу қажет. Бұл, кінә деңгейін анықтаумен қатар, бөлек тергеу әрекеттерін жоспарлауға да керек. Мәселен, қылмыстық құрылымдар қызметін тергеу кезінде жауап алу топтың қатардағы, қарапайым мүшелерінен басталады. Ұйымдастырушылардан, басшылардан, олардың көмекшілерінен кейін, олардың басқарушылық рөлі жайлы мәлімет жиналған соң барып, жауап алынады.

Топқа қатысты оның құрылу уақыты мен жағдайы анықталады, бастаушысы, қылмыс жасауға дайындық әрекеттері (қару табу, көлік қуып әкету, барлаушылық іс-қимылдар және т.б.) айқындалу керек.

Егерде топта бұрын сотталған жеткіншектер болса, онда қылмысты қайталап жасалу себептері зерттеледі, мұрағаттардан қылмыстық істер талап етіледі, еңбекпен түзеу мекемелері мен арнайы оқумен түзеу орындарынан мәнездемелер сұралады. ҚР ҚПК 533-бап. Кәмелетке толмаған адам туралы істі жеке іс жүргізуге бөліп шығару. Ересектермен бірге қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қатысқан кәмелетке толмаған адамға қатысты іс сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында ҚР ҚПК 44-бабы бірінші бөлігінің 2) тармағына сәйкес жеке іс жүргізуге бөліп шығарылады.

Кәмелетке толмаған адамға қатысты жеке іс жүргізуді бөліп шығару істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеуге айтарлықтай кедергі жасауы мүмкін болатын жағдайларда, бір іс бойынша ересектермен бірге жауапқа тартылған кәмелетке толмаған күдіктіге, айыпталушыға осы тараудың қағидалары қолданылады.

Жоспарлау кезінде, жағдайларды анықтау үшін төмендегідей тергеу әрекеттері міндетті түрде жүргізілуі тиіс: кәмелетке толмағанның ата-анасынан, оның мұғалімі және тәрбиешісінен, сондай-ақ басқа да мәлімет бере алатын тұлғалардан жауап алу, қажетті құжаттарды талап ету. Қажеттілер қатарына кәмелетке толмағанның жасы туралы ақпарат беретін құжаттар, кәмелетке

толмағанның өзіне (оқу орнынан, жұмыстан, еңбекпен түзеу мекемесінен) және оған ықпал жасай алатындарға мінездемелерді жатқызуға болады.

Үлкен көлемдегі құжаттарды (мінездемелер, сұраныстар, мәліметтер және т.б.) талап етумен, оларды зерттеп, қылмыстық іске тіркеуге байланысты тергеушінің іс-қимыладары тергеудің ажыратылмас бөлігі болып табылады және мұндай құжаттардағы ақпараттан тергеу әрекеттерін жоспарлау мен оларды іске асыру тактикасы байланысты болғандықтан, оларды тыңғылықты түрде жүргізу керек.

Нақты тергеу әрекеттерінің жоспарға енгізу және олардың мерзімі мен ретін анықтау қылмыс сипатына, сол мезетте, яғни қылмыстық іс қозғау кезіндегі түпнұсқалардан және сол уақыттағы тергеулік ситуацияға байланысты болады. Алайда, тергеу әрекеттерін жоспарлау кезінде кәмелетке толмағандардың жастық ерекшеліктерін ескеру ұсынылады, сол үшін тергеуде үлкен үзілістер болдырмау керек, жауап алу тактикасына қатысты, үлкендер мен ересек құрдастардың ықпал етуіне жол берілмейді, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың тез шаршайтындығын және т.б. мәселелерді ұмытпаған жөн.

## **2. Кәмелетке толмағандармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу және тергеу ерекшеліктері.**

Оқиға болған жерді қарау. Кәмелетке толмағандар қылмысы бойынша оқиға болған жерді қарап тексеру алғашқы тергеу әрекеттерінің бірі болып саналады. Оқиға болған жерді білікті қарау арқылы қылмысты жеткіншек жасағандығын көрсететін жағдайларды анықтап-бекітіп алуға мүмкіндік береді.

Қылмысты жасау тәсілі. Қылмысты жеткіншек жасағандығын сілтейтін элементтер:

а) мақсатсыз, алдын ала ойластырылмаған және ақырына дейін жеткізілмеген іс-әрекеттер. Мәселен, бөлмеге (көлік ішіне) бірінші бір жолмен, сосын басқа жолмен енуге әрекеттену іздері;

б) қулыққа бармай ену тәсілдері, мысалы сынған терезе арқылы; елеулі күш қолданбай-ақ сындыру; бекіту құрылғыларын қарапайым тәсілмен сындыру; оқиға болған жерге ену орындарының (терезе, тесіктер) кішкене болуы;

в) қылмыс іздерін жасыру шараларын қабылдамау;

г) оқиға болған жерлерде сотқарлық, тентектік әрекеттерді жасау (себепсіз тауарларды бүлдіру, балағат сөздер жазу, суреттер салу).

Қылмыс орны мен уақытын таңдауда қылмысты жас өспірім жасағандығын көрсетеді, мысалы, мектеп буфетінен, оқу кабинетінен, мектеп жаңындағы дүкеншіктен және т.б. сол сияқты жерлерден ұрлау.

Кәмелетке толмағандар жасаған ұрлық бойынша қылмыс қастандығын сипаттайтын заттар: а) ән айтқыштар, музыка орталықтары, магнитофон, бейнежазба және фотоға түсіру техникалары, спорт тауарлары, сағаттар; б) әдемі киім, аяқ киім, күртелер, сөмке және әсем журналдар; в) ақша, құнды заттар; г) тәтті тағам, спирт ішімдіктері және т.б. Сонымен қатар жоғарыда



аталғандардан әлде қайда құнды немесе бағалы заттар қозғалмай қалуы мүмкін (құндыз терісінен тігілген тон, антиквариат, картиналар және т.б.).

Қылмысты кәмелетке толмағандармен жасалғандығын немесе қылмыстық топ ішінде жеткіншектер бар екендігін көрсететін факті жайлы субъектінің жеке басын сипаттайтын ақпарат пен материалдық іздер байқатып қояды: а) аяқ, қол іздерінің өлшемі бойынша кішкене болуы; б) аяқ кәмелетке толмағандарға сілтейді (кроссовка, кеда, жеткіншектің сәнді аяқ киімі); в) жасын анықтауға мүмкіндік беретін қалдырылған, жоғалған жеке заттар (мысалы, бейсбол қалпағы бойынша бас өлшемін анықтау); г) көбіне кәмелетке толмағандар алып жүретін заттар (қолдан жасалған суық қару, шынжыр, металдан жасалған әшекейлер және т.б.); д) тік беткейлердегі іздер мен жазулар; е) тағам үстіндегі тіс іздері, түкіріліп тасталған сағыз және т.б.

Оқиға болған жерді қарау барысында кәмелетке толмаған қылмыскердің жеке басын сипаттайтын ақпараттар алынуы мүмкін. Әдеттеріне (шылым шегу, спирт ішімдіктерін және есірткі заттарын пайдалану) оқиға болған жерде қалдырылған немесе ұрланған заттардың сипаттары сілтейді. Кәмелетке толмағанның дағдыларына радиотехниканы электрониканы, компьютерді пайдалана білу, ежелгі қолжазбаларды таңдай білу әрекеттері көрсетеді.

Зорлау, кісі өлтіру, вандализм, бұзақылық іздерінде қатыгездік пен дөрекілік сияқты мінез-құлықтар байқалады.

Қуылып кеткен, сосын иесіз тасталған көлікті қарау кезінде кәмелетке толмағанның автомобильдің бекіністерін ашу тәсілдеріне қатысты мәліметтер алуға болады, яғни электросхеманы біле ме немесе сигнализацияны сөндіре алама.

Басқа жағынан оқиға болған жерді қарау жасалған қылмыс ерекшелігін көрсететін тактикалық ұсынымдарға сәйкес жүргізіледі. ҚР ҚПК 534-бап. Кәмелетке толмаған күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны шақыру тәртібі

Кәмелетке толмаған күдікті, айыпталушы, сотталушы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға немесе сотқа – өзінің ата-анасы немесе басқа заңды да өкілдері арқылы, олар болмаған кезде қорғаншы және қамқоршы органдар арқылы шақырылады. Бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды заңға сәйкес жүзеге асыратын ұйымда не күзетпен ұсталатын кәмелетке толмаған адам өзі ұсталатын орынның әкімшілігі арқылы шақырылады.

ҚР ҚПК 541-бап. Кәмелетке толмағандарды ұстап алу және оларға бұлтартпау шараларын қолдану. Кәмелетке толмаған адам ҚР ҚПК көзделген тәртіппен ұстап алынуы және оған бұлтартпау шарасы қолданылуы мүмкін. Қылмыстық теріс қылық, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасауда күдік келтірілетін, айыпталатын кәмелетке толмағандарға күзетпен ұстау түрінде бұлтартпау шарасы қолданылмайды. Ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасауда айыпталатын кәмелетке толмаған адамға бұлтартпау шарасының түрін таңдаған кезде ҚР ҚПК 138-бабында көрсетілген мән-жайлардан бөлек кәмелетке толмаған адамның өмір сүру және тәрбиелену жағдайларын, оның жасы және зияткерлік, ерік-жігерлік, психикалық дамуының деңгейін, мінезі мен темпераментінің ерекшелігін, қажеттіліктері

мен мүдделерін, кәмелетке толмаған адамға ересек адамдар мен басқа кәмелетке толмағандардың ықпалын, кәмелетке толмаған адамда оның есі дұрыстығын жоққа шығармайтын психикасының бұзылуы бар-жоғын және басқаларды ескеру қажет. Кәмелетке толмаған адамға істе бар мән-жайлар бойынша басқа бұлтартпау шаралары қолданыла алмайтын жағдайларда, күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылады. Өздеріне күзетпен ұстау түрінде бұлтартпау шарасы қолданылған кәмелетке толмағандар ересектерден бөлек ұсталады. Сотқа дейінгі іс жүргізу барысында кәмелетке толмағандарды күзетпен ұстау мерзімі осы Кодексте көзделген тәртіппен алты айдан асатын мерзімге ұзартыла алмайды. Кәмелетке толмаған адамның ұстап алынғаны, оған күзетпен ұстау түрінде шара таңдалғаны немесе күзетпен ұстау мерзімінің ұзартылғаны туралы оның ата-анасы немесе оның басқа заңды өкілдері, ал олар болмаған кезде – жақын туыстары және (немесе) қорғаншылық және қамқоршылық органдар дереу хабардар етіледі.

Кәмелетке толмағандарды ұстау өзіне артық көңіл аударушылықты бодыртпай, дұрыстап дайындалып, іске асырылу керек, яғни жеткіншекті мектепте, жұмыс орнында, компания арасында ұстамау керек. Атыс немесе суық қаруды, арнайы құралдарды қолдана отырып қарсылық көрсету мүмкіндігін естен шығармаған жөн.

Әрі қарай кәмелетке толмағанға не үшін ұсталғанды және қамауға алынғандығы, оның құқығы мен міндеттері түсіндіріледі, сондай-ақ қылмыстық іс жүргізу кодексінің тиісті баптарымен таныстыру артық болмайды. Ұсталғандығы туралы және қай жерде екендігі жайлы оның ата-анасы (заңды өкілдері) хабардар етіледі. Ұстау хаттамасында кәмелетке толмағанды ересектерден және сотталған кәмелетке толмағандардан бөлек отырғызу қажеттілігі көрсетіледі.

Ұстау туралы прокурор хабардар етіледі, ол аталмыш іс-қимылдардың негізділігін және әрі қарай қамауда ұстау қажеттілігін тексереді.

Қамауға алу және басқа да бұлтартпау шараларынан басқа, кәмелетке толмағандарға қатысты заңды өкілдердің қарауына беру сияқты ерекше шара да қолданылуы мүмкін. Егер кәмелетке толмаған жабық балалар үйінде тәрбиеленсе, онда ол осы мекеме әкімшілігінің қарауына берілуі мүмкін.

Сотқа дейінгі тергеп тексеруде кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың заңды мүдделері мен құқықтарын қорғауды қамсыздандырудың процессуалдық кепілдіктерінің біріне 137 – бабындағы бұлтартпау шараларын қолдану туралы норманы жатқызуға болады (кәмелетке толмаған).

Кәмелетке толмағандар істері бойынша тінту арқылы үш маңызды міндеттерді шешуге болады:

а) ұрланғанды, қылмыс құралын, жеткіншек қылмыс жасаған кезде үстіндегі киім мен аяқ киімді және қылмыстық қызмет іздерін анықтап-табу;

б) кәмелетке толмағанның жан-жағын, қызықтыратын мәселелерін анықтауға мүмкіндік беретін күнделіктер, жазу кітапшалары, хаттар;

в) тұрмыс жағдайлары (оқу, жұмыс) және жеткіншектің тәрбиесі жайлы ақпарат жинау. ҚР ҚПК 536-бап. Қорғаушының қатысуы. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша ҚР

ҚПК 67-бабы бірінші бөлігінің 2) тармағына сәйкес қорғаушының қатысуы міндетті. Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша қорғаушы кәмелетке толмағаннан – күдікті ретінде алғашқы жауап алынған кезден бастап, ал ұстап алынған жағдайда – ұстап алынған кезден бастап жіберіледі. Егер кәмелетке толмаған күдікті, айыпталушы не оның заңды өкілдері адвокатпен келісім жасаспаса, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам, прокурор, сот іс бойынша қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге тиіс.

Қамауда отырған кәмелетке толмағандар жауап алуға ұстау орны әкімшілігі арқылы шақырылады.

Бірқатар процессуалдық және тактикалық талаптардың жалпы ұқсастығына қарамастан (жеке басын зерттеу, психологиялық байланыс орнату, жауап алудың сыпайы нысаны және т.б.), жауап алу тактикасында көбісі кәмелетке толмағанның процессуалдық жағдайымен анықталады. Осыған байланысты күдіктіден, айыпталушыдан, куәдан және жәбірленушіден жауап алу ерекшеліктеріне жеке тоқталған жөн шығар.

ҚР ҚПК 535-бап. Кәмелетке толмаған күдіктіден, айыпталушыдан, сотталушыдан жауап алу. Кәмелетке толмаған күдіктіден, айыпталушыдан, сотталушыдан жауап алу 216 және 367-баптарында көзделген тәртіппен, қорғаушының, заңды өкілдің, ал қажет болған кезде психологтің және педагогтің қатысуымен жүргізіледі. Қорғаушы жауап алынушыға сұрақтар қоюға, ал жауап алу аяқталғаннан кейін хаттамамен танысуға және айғақтар жазбасының дұрыстығы мен толықтығы туралы ескертулер жасауға құқылы.

Кәмелетке толмаған күдіктіден, айыпталушыдан, сотталушыдан жауап алу тәуліктің күндізгі уақытында жүргізіледі және ол үзіліссіз екі сағаттан артық, ал жалпы алғанда күніне төрт сағаттан артыққа созылуға тиіс емес. Кәмелетке толмаған адам анық шаршаған жағдайда, жауап алу осы уақыт аяқталмастан тоқтатылуға тиіс. Жауап алуға шақыру тәртібі 208-бап. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам куәны, жәбірленушіні, күдіктіні жауап алуға шақыру қағазы арқылы шақырады.

Шақыру қағазында жауап алуға шақырылатын адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), адамды шақырып отырған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы, жауап алуға келетін мекенжай мен уақыты (күні, сағаты), адвокат шақыру құқығы, сондай-ақ дәлелді себептерсіз келмеудің салдары көрсетіледі. Шақыру қағазы жауап алуға шақырылатын адамға одан қолхат ала отырып табыс етіледі не байланыс құралдарының көмегімен беріледі. Жауап алуға шақырылатын адам уақытша болмаған жағдайда, шақыру қағазы оның отбасының кәмелетке толған мүшесіне немесе тұрғылықты жері бойынша тұрғын үй-пайдалану ұйымына немесе әкімшілікке не жұмыс орны бойынша әкімшілікке немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның тапсырмасы бойынша өзге адамдар мен ұйымдарға табыс етіледі, олар шақыру қағазын жауап алуға шақырылатын адамға беруге міндетті. Жауап алынатын адам өзге байланыс құралдарын пайдалана отырып шақырылуы мүмкін. Күзетпен ұсталып отырған күдікті жауап алуға күзетпен ұстау орнының әкімшілігі арқылы шақырылады және жеткізіледі.

Жауап алуға шақырылатын адам белгіленген мерзімде келуге не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамды келмеу себептері туралы алдын ала хабардар етуге міндетті. Жауап алуға шақырылатын адам дәлелді себептерсіз келмеген жағдайда күштеп әкелінуі мүмкін не оған осы Кодексте көзделген өзге де процесстік мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін.

Он сегіз жасқа толмаған адам жауап алуға оның заңды өкілдері арқылы, ал олар болмаған кезде қорғаншы және қамқоршы орган арқылы не оның жұмыс немесе оқу орны бойынша әкімшілігі арқылы шақырылады.

Әскери қызметші жауап алуға әскери бөлім қолбасшылығы арқылы шақырылады. ҚР ҚПК 209-бап. Жауап алу орны, уақыты мен ұзақтығы

Жауап алу сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілген жерде жүргізіледі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам, егер оны қажет деп тапса, жауап алуды жауап алынатын адам тұратын жерде жүргізуге құқылы.

Жауап алу кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларды қоспағанда, күндізгі уақытта жүргізіледі. Жауап алу үзіліссіз төрт сағаттан артық жүргізілмеуге тиіс. Жауап алуды демалу мен ас ішуге арналған кемінде бір сағат үзілістен кейін жалғастыруға жол беріледі, бұл ретте жауап алудың бір күн ішіндегі жалпы ұзақтығы сегіз сағаттан аспауға тиіс. Медициналық көрсетілімдер болған жағдайда, жауап алудың ұзақтығы дәрігердің жазбаша қорытындысының негізінде белгіленеді.

Кәмелетке толмаған адамнан жауап алу тәуліктің күндізгі уақытында жүргізіледі және үзіліссіз екі сағаттан артық, жалпы алғанда күніне төрт сағаттан артық жүргізілмейді. Кәмелетке толмаған адамның қажығаны анық болған жағдайда, жауап алу осындай уақыт өткенге дейін де үзілуі мүмкін.

ҚР ҚПК 210-бап. Жауап алуды жүргізудің жалпы қағидалары

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жауап алу алдында жауап алынатын адамның жеке басына көз жеткізуге тиіс. Егер жауап алынатын адамның іс бойынша іс жүргізіліп отырған тілді білетіні-білмейтініне күмән келтірсе, оның айғақтарды қай тілде бергісі келетіні анықталады. Қажет болған жағдайларда оны аудармашымен тегін қамтамасыз етеді.

Жауап алуға шақырылған адамға одан кім ретінде, қандай қылмыстық іс бойынша жауап алынатыны хабарланады, осы Кодексте көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі, бұл туралы хаттамада белгі жасалады.

Бір іс бойынша шақырылған адамдар басқа жауап алынатын адамдардан бөлек жауап береді. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам бір іс бойынша жауап алуға шақырылған адамдардың жауап алу басталғанға дейін бір-бірімен сөйлесе алмауы үшін шаралар қолданады.

Жауап алу жауап алынатын адамға істің өзіне белгілі болған мән-жайларын айтуды ұсынудан басталады. Егер жауап алынатын адам іске мүлде қатысы жоқ мән-жайлар туралы айтатын болса, оған бұл туралы ескертілуге тиіс.

Еркін баяндау аяқталғаннан кейін жауап алынып отырған адамға айғақтарды нақтылауға және толықтыруға бағытталған сұрақтар қойылуы мүмкін. Жетелеуші сұрақтар қоюға тыйым салынады.

Егер айғақтар цифрлық деректермен немесе есте сақтауға қиын өзге де мәліметтермен байланысты болса, жауап алынатын адам құжаттар мен жазбаларды пайдалануға құқылы, олар жауап алынатын адамның өтінішхаты бойынша немесе оның келісімімен хаттамаға қоса тігілуі мүмкін.

Егер жауап алу барысында жауап алынып отырған адамға заттай дәлелдемелер мен құжаттар көрсетілсе, басқа тергеу әрекеттерінің хаттамалары жария етілсе және тергеу әрекетінің дыбыс- және (немесе) бейнежазба, киноға түсіру материалдары тыңдатылып-көрсетілсе, онда бұл туралы жауап алу хаттамасында тиісті жазба жасалады. Бұл ретте хаттамада жауап алынып отырған адамның оған көрсетілген дәлелдемелер, жария етілген хаттамалар, тыңдатылып көрсетілген тергеу әрекеттерінің дыбыс- және (немесе) бейнежазбалары, кино түсірілімдер бойынша берген айғақтары көрсетіледі.

Мылқау немесе саңырау куәдан, жәбірленушіден, күдіктіден, айыпталушыдан жауап алу сурдоаударма дағдыларын меңгерген адамның қатысуымен жүзеге асырылады. Мұндай адамның жауап алуға қатысуы хаттамада көрсетіледі.

Жауап алынатын адамның психикалық немесе өзге ауыр науқасы болған кезде одан жауап алу дәрігердің рұқсатымен және оның қатысуымен жүзеге асырылады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның шешімі бойынша, сондай-ақ күдіктінің, айыпталушының, куәнің немесе жәбірленушінің өтінуі бойынша жауап алу кезінде дыбыс- және бейнежазба қолданылуы мүмкін. Жауап алынатын адамға мұндай дыбыс- және бейнежазбаның қолданылатыны туралы жауап алу басталғанға дейін хабарланады. Дыбыс- және бейнежазба жауап алудың барысын толығымен көрсетуге және жауап алынатын адамдардың айғақтарын толық қамтуға тиіс. Жауап алудың бір бөлігін дыбыс- және бейнежазбаға түсіруге, сондай-ақ сол жауап алудың барысында берілген айғақтарды жазып алу үшін арнайы қайталауға жол берілмейді.

Жауап алу аяқталғаннан кейін дыбыс- және бейнежазба толығымен жауап алынып отырған адамға тыңдатылып-көрсетіледі. Айғақтардың дыбыс- және бейнежазбасына жауап алынып отырған адам жасаған толықтырулар да фонограммаға және бейнеграммаға енгізіледі. Дыбыс- және бейнежазба жауап алынатын адамның олардың дұрыстығын куәландыратын мәлідемесімен аяқталады. Жауап алу барысында дыбыс- және бейнежазба қолданылып алынған айғақтар жауап алу хаттамасына енгізіледі. Жауап алу хаттамасы, сондай-ақ: дыбыс- және бейнежазбаның қолданылғаны және бұл туралы жауап алынып отырған адамға хабарланғаны туралы белгіні; ғылыми-техникалық құралдар, дыбыс- және бейнежазба жағдайлары мен оны тоқтата тұру фактілері, тоқтатудың себептері мен ұзақтығы туралы мәліметтерді; жауап алынып отырған адамның дыбыс- және бейнежазбаны қолдану себебі жөніндегі мәлідемесін; жауап алынып отырған адамға дыбыс- және бейнежазбаның тыңдатылып көрсетілгені туралы белгіні; жауап алынып отырған адамның және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның хаттаманың және дыбыс- және бейнежазбаның дұрыстығын куәландырғанын қамтуға тиіс.

Фонограмма мен бейнеграмма іспен бірге сақталады және олар сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін мөрмен бекітіледі.

ҚР ҚПК 215-бап. Кәмелетке толмаған куәдан немесе жәбірленушіден жауап алу ерекшеліктері атап кетуіміз керек. Он төрт жасқа дейінгі куәдан немесе жәбірленушіден жауап алуға қатысу үшін, ал сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қалауы бойынша он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі куәдан немесе жәбірленушіден жауап алуға қатысу үшін педагог және (немесе) психолог шақырылады. Кәмелетке толмаған куәдан немесе жәбірленушіден жауап алу кезінде оның заңды өкілдері қатысуға құқылы.

Он алты жасқа дейінгі куәлар мен жәбірленушілерге олардың айғақтар беруден бас тартқаны және көрінеу жалған айғақтар бергені үшін жауаптылығы туралы ескертілмейді. Мұндай куәлар мен жәбірленушілерге процестік құқықтары мен міндеттерін түсіндіру кезінде оларға тек қана шындықты айту қажеттігі көрсетіледі. Кәмелетке толмаған куә мен жәбірленушіге оның өзінің немесе жақын туыстарының қылмыстық құқық бұзушылық жасағанын әшкерелейтін айғақтар беруден бас тарту құқығы түсіндіріледі.

Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдардан жауап алу кезінде қатысып отырғандарға жауап алынып отырған адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылық туралы, хаттамаға енгізілуге тиіс ескертулер жасау, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның рұқсатымен жауап алынып отырған адамға сұрақ қою құқығы түсіндіріледі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қойылған сұрақты қабылдамауға құқылы, бірақ оны хаттамаға енгізуге және қабылдамаудың себебін көрсетуге тиіс. ҚР ҚПК 211-бап. Қосымша және қайталап жауап алу

Қосымша және қайталап жауап алу 210-б. көзделген қағидалар сақтала отырып жүргізіледі. Қосымша жауап алу мынадай:

1) жауап алынған адам тергелетін істің мән-жайлары бойынша бұрын берген айғақтарын олардың жеткілікті түрде анық немесе толық болмауына қарай нақтылауға немесе толықтыруға ниет білдірген;

2) бұрын жауап алынған адамға іс үшін елеулі жаңа сұрақтар туындаған жағдайларда жүзеге асырылады.

3. Қайталап жауап алу мынадай:

1) бастапқы жауап алуды жүргізудің процестік нормалары елеулі түрде бұзылған;

2) жауап алынған адам бұрын берген айғақтарынан бас тартқан және жаңа айғақтар беруге ниет білдірген жағдайларда жүзеге асырылады.

ҚР ҚПК 212-бап. Жауап алу хаттамасы

Жауап алудың барысы мен нәтижелері ҚР ҚПК 199-бабының талаптары сақтала отырып жасалатын хаттамада көрсетіледі.

Айғақтар бірінші жақтан және мүмкіндігінше сөзбе-сөз жазылады. Сұрақтар мен олардың жауаптары жауап алу кезіндегі реті бойынша жазылады. Хаттамада жауап алуға қатысқан адамдардың сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қабылдамаған немесе жауап алынып отырған адам жауап беруден бас тартқан сұрақтары да, оларды қабылдамаудың немесе олардан бас тартудың уәждері көрсетіле отырып, қамтылуға тиіс.

Бірінші жауап алу хаттамасында жауап алынып отырған адамның жеке басы туралы деректер, оның ішінде: тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туған уақыты мен жері, азаматтығы, ұлты, білімі; отбасылық жағдайы, жұмыс орны, қызмет түрі немесе лауазымы, тұрғылықты жері, сондай-ақ осы Кодекстің 199-бабы төртінші бөлігінің қағидаларына сәйкес істің мән-жайлары бойынша қажет болуы мүмкін басқа да мәліметтер көрсетіледі.

Кейінгі жауап алулар кезінде жауап алынып отырған адамның жеке басы туралы деректерді, егер олар өзгермеген болса, оның тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) көрсетумен шектелуге болады.

Күдіктіден жауап алу хаттамасында бұрын сотталғандығының бар-жоғы көрсетіледі. Жауап алынып отырған адам схемалар, сызбалар, суреттер, диаграммалар жасай алады, олар хаттамаға қоса тіркеліп, онда бұл туралы белгі жасалады. Хаттамада жауап алуға қатысқан барлық адамдар көрсетіледі. Олардың әрқайсысы хаттамаға, сондай-ақ оған жасалған барлық толықтырулар мен нақтылауларға қол қоюға тиіс.

Еркін баяндаудан кейін жауап алынып отырған адам өз айғақтарын өз қолымен жазуға құқылы. Жауап алынып отырған адам айғақтарын өз қолымен жазғаннан және оларға қол қойғаннан кейін сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам толықтырушы және нақтылаушы сұрақтар қоюы мүмкін.

Жауап алу аяқталғаннан кейін хаттама оқып шығу үшін жауап алынып отырған адамға ұсынылады не оның өтінуі бойынша жарияланады. Жауап алынып отырған адамның хаттамаға толықтыру мен нақтылау енгізу талабы міндетті түрде орындалуға тиіс.

Айғақтармен танысу фактісін және олардың жазылуының дұрыстығын жауап алынып отырған адам хаттаманың соңында өз қолын қою арқылы куәландырады. Жауап алынып отырған адам сонымен қатар хаттаманың әрбір бетіне де қол қояды. Жауап алынып отырған адам хаттамаға қол қоядан бас тартқан жағдайда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам бас тарту себептерін анықтайды, оларды хаттамаға енгізеді және хаттаманы өзінің қолымен куәландырады.

Егер жауап алынып отырған адам дене бітімінің кемістігінен немесе өзге де себептердің салдарынан хаттамаға өзі қол қою мүмкіндігінен айырылса, оның өтінуі бойынша хаттамаға қорғаушы, жауап алынып отырған адам сенетін өкіл немесе өзге адам қол қояды, бұл туралы хаттамада белгі жасалады.

Егер жауап алуға аудармашы не сурдоаударма дағдыларын меңгерген адам қатысса, онда олар да хаттаманың әрбір бетіне және тұтас хаттамаға қол қояды. Олар жауап алынатын адамның өз қолымен жазған айғақтарының аудармасына да қол қояды.

213-бап. Ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, бейнебайланыс режимінде жауап алудың (қашықтықтан жауап алу) ерекшеліктері. Жәбірленушіден, куәдан жауап алу оны олар аумағында болған не тұратын ауданның не облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына шақыру арқылы ғылыми-техникалық құралдар пайдаланыла отырып, бейнебайланыс режимінде (қашықтықтан жауап алу) жүргізілуі мүмкін. Қашықтықтан жауап алу

барысында процесік әрекетке қатысушылар жауап алынып жатқан адамның айғақтарын тікелей трансляциядан тікелей қабылдайды.

Қашықтықтан жауап алу:

1) адамның денсаулық жағдайы немесе басқа да дәлелді себептер бойынша қылмыстық істі тергеп-тексеру (қарау) жеріндегі қылмыстық процесі жүргізетін органға тікелей келуі мүмкін болмайтын;

2) адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет болатын;

3) жас немесе кәмелетке толмаған куәдан, жәбірленушіден жауап алу жүргізілген;

4) сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімінің сақталуын, істің сотта каралуын қамтамасыз ету үшін қажет болған;

5) жауап алу қиын немесе артық шығындармен байланысты болады деп пайымдауға негіз беретін себептер болған жағдайларда жүргізіледі.

2. Қашықтықтан жауап алуды жүргізу туралы шешімді сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам өз бастамасымен немесе тараптың немесе қылмыстық процеске басқа да қатысушылардың өтінішхаты бойынша немесе прокурордың нұсқауы бойынша осы Кодекстің 188-бабында көзделген тәртіппен тапсырма жібере отырып, қабылдайды.

Қашықтықтан жауап алған кезде ғылыми-техникалық құралдар мен технологияларды пайдалану бейне мен дыбыстың тиісті сапасын, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тиіс.

Бейнебайланыс режимінде жүргізілген тергеу әрекетінің барысы мен нәтижелері осы Кодекстің 199-бабының талаптарына сәйкес тапсырманы орындайтын сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы жасайтын хаттамада көрсетіледі. Қашықтықтан жауап алу хаттамасында көмегі арқылы тергеу әрекеті жүргізілетін ғылыми-техникалық бейнежазба құралдары туралы мәліметтер көрсетіледі.

Жауап алынатын адамның хаттамаға толықтырулар мен нақтылаулар енгізу туралы талаптары міндетті түрде орындалуға жатады.

Хаттама оған қол қойылғаннан кейін істі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға жіберіледі.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында адамнан оның өтінішхаты бойынша оны тануды болдырмайтын сыртқы келбеті мен дауысы өзгертіле отырып, бейнебайланыс режимінде жауап алынуы мүмкін.

Күдікті кәмелетке толмағаннан жауап алуға дайындық ерекшелігі – тергеуші бұл кезеңде жеткіншектің жасалған қылмысқа қатысы барма, әлде жоқ па оны білмеуінде, оның тұлғасы жайлы қажетті ой қалыптаспағандығында, жауап алуға дайындық уақыты шектеулі болуында. Сонда да, осы жағдайларда кәмелетке толмаған туралы олардың ата-анасынан, мұғалімдерінен, тәрбиешілерінен, көршілерінен жауап алу арқылы азғана болсын ақпарат жинауға тырысу керек, сондай-ақ қажетті мағұлмат алу мақсатында кәмелетке толмағандар іс бойынша инспекторларына сұрау жіберген жөн. Кідіртпей жауап алу мүмкін болмаса, ол ұсталғаннан кейін жиырма төрт сағат ішінде жүргізілуі тиіс. Кейінге қалдырмай жауап алу заң талаптарын сақтаумен қатар, жеткіншектің кері ықпал жасайтын үлкендермен байланысын шектейді (олар



тергеу барысында өзін ұстау керектігі жайлы нақты мінез-құлықты үйретуі мүмкін).

Жауап алу тактикасы мен мезетін таңдау кезде жеткіншектің психологиялық жағдайын ескеру қажет. Әдетте бұл үйреншіксіз жағдайдан күзелумен байқалатын тез әсерді қоздырушылық. Бұған жаза алдындағы, ата-ана алдындағы, әшкерлеу алдындағы қорқынышта қосылады. Мұндай жағдайда жеткіншекті оның жағдайы қиын екендігін түсіндіріп, жауап алудың елеулігін, тергеумен ынтымастықтың қажет екендігін көрсеткен жөн. Ол үшін күйгелектікті түсіре отырып, тыныштандырып, психологиялық байланыс орнату шараларын іске асыру керек.

Бірінші жауап алу өте маңызды. Мұндай жауап алу барысында шынайы және толық көрсетілер алынса, онда ол көбіне негізгі және шешушілердің бірі болып қала береді. Жауап алуды тұрмыс, оқу, жұмыс, жеткіншек тәрбиесі, қызықтыратын мәселелер, әуестіктер жайлы әңгімеден бастаған жөн. Жасалған қылмысқа қатысы жоқ деп ойлаған жеткіншек, өзі және жолдастары туралы шың көңілмен айта беруі мүмкін. Биографиялық мәліметтерге қатысты егжей-тегжейлі сұқбаттасудан кейін, оған нақты түрде түсінетіндей етіп қандай қылмыс бойынша күдікті ретінде жүретінін түсіндіру қажет. Ұстауға, қамауға алуға немесе басқа да бұлтартпау шарасын қолдануға негіз болған жағдайлар бойынша кәмілетке толмағанға жауап беруге мүмкіндік берілу керек.

Сұрақтарды дұрыс құрастыру да маңызды болып саналады. Сұрақтар, жеткіншектің аузына сөз салатындай фактілер болмайтындай, күрделі емес, нақты болу керек және иланушылық қасиетін ұмытпаған жөн. Иланушылығы мен ойлау қабілетінің баяу болуына қарай күдікті кәмілетке толмаған жаңылысып, тергеуші қойған сұрақтар арасындағы ақпаратты қолдана отырып өзіне кінә тағуы мүмкін.

Егер күдікті жасалған қылмысын мойындап, ол туралы айтқысы келсе, онда көрсетулерін талдай отырып, одан әрбір жағдай бойынша жауап алу керек. Берілген фактілерді тыңғылықты түрде нақтылап, мүмкіндігінше сөзбе-сөз хаттамаға енгізу қажет. Осылай алынған мәліметтер басқа түпнұсқалардан алынған ақпарат емес, жеткіншек берген көрсетулердің шынайылығын байқатады, ондай болса, жаңа мағұлмат алуға, ұрланғандарды, қылмыс құралын табуға, қылмысқа қатысушыларды айқындауға көмек береді.

Жауап алу кезінде тергеуші жасалған қылмыс жағдайлары жайлы өзінің хабардар екендігін көрсету де елеулі болып саналады. Алайда, мұндай мәліметтер шын түпнұсқалардан, яғни оқиға болған жерді қарау хаттамасынан, куәгерлер жауаптары сияқты құжаттардан алыну керек. Бұл жерде тергеуші азғана болсын, бірақ көз жеткізетіндей дәлелдеме арқылы шындықты айтуға күдіктіні иілдіру мақсатында кенеттік элементін пайдаланады. Сонымен бірге жеткіншекке қандай болмасын дәлелдемелерді ұсына отырып, олардың өздерінің жасы мен даму деңгейіне қарай, әрқашанда дәлелдемелерді ақырына дейін бағалай алмайтындығын ескерген жөн. Сондықтан, оларға ұсынылып отырған фактілердің шын мағынасын түсіндіру қажет. ҚР ҚПК 537-бап. Кәмілетке толмаған күдіктінің, айыпталушының заңды өкілінің сотқа дейінгі іс жүргізуге қатысуы. Кәмілетке толмаған күдіктінің, айыпталушының ата-анасы

немесе басқа да заңды өкілдері болған кезде олардың іске қатысуы міндетті. Кәмелетке толмаған адамның ата-анасының біреуі де, сондай-ақ екеуі де заңды өкіл бола алады. Іске қорғаушы ретінде қатысып отырған ата-ана, басқа да жақын туыстар сонымен бір мезгілде кәмелетке толмаған адамның заңды өкілдері ретінде қатыса алмайды. Олар болмаған кезде қорғаншылық және қамқоршылық органы өкілінің қатысуы міндетті. Заңды өкіл, ал ол болмаған кезде қорғаншылық және қамқоршылық органның өкілі кәмелетке толмағаннан күдікті ретінде алғашқы жауап алынған кезден бастап тергеушінің қаулысымен іске қатысуға жіберіледі. Заңды өкіл, ал ол болмаған кезде – қорғаншылық және қамқоршылық органның өкілі іске қатысуға жіберілген кезде, оларға осы баптың үшінші бөлігінде көрсетілген құқықтар түсіндіріледі.

Заңды өкілдің: кәмелетке толмағанға не жөнінде күдік келтіріліп отырғанын білуге; күдікті деп тану, күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулылармен, прокурор бекіткен айыптау актісімен таныстыру кезінде қатысуға, кәмелетке толмаған адамнан жауап алуға, сондай-ақ кәмелетке толмаған күдіктінің және оның қорғаушысының қатысуымен жүргізілетін өзге де тергеу әрекеттеріне сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын адамның рұқсатымен қатысуға; өзі қатысқан тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және ондағы жазбалардың дұрыстығы мен толықтығы туралы жазбаша ескерту жасауға; өтінішхаттар мен қарсылық білдірулер мәлімдеуге, тергеушінің және прокурордың әрекеттері мен шешімдеріне шағым келтіруге; дәлелдемелер ұсынуға; тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін істің барлық материалдарымен танысуға, мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, олардан кез келген мәліметті және кез келген көлемде жазып алуға, құжаттардан көшірмелер түсіріп алуға, оның ішінде ғылыми-техникалық құралдардың көмегімен түсіріп алуға құқығы бар.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам сотқа дейінгі іс жүргізу аяқталғаннан кейін кәмелетке толмаған адамға кері әсер етуі мүмкін материалдарды танысу үшін оған көрсетпеу туралы қаулы шығаруға, ал бұл материалдармен заңды өкілді және қорғаушыны таныстыруға құқылы.

Егер заңды өкілдің әрекеттері кәмелетке толмаған адамның мүдделеріне нұқсан келтіреді немесе істі объективті түрде тергеп-тексеруге кедергі келтіруге бағытталған деп санауға негіз болса, не заңды өкілдің өтінішхаты бойынша заңды өкіл іске қатысудан шеттетілуі мүмкін. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам бұл туралы уәжді қаулы шығарады. Іске қатысуға кәмелетке толмаған адамның басқа заңды өкілі жіберілуі мүмкін. ҚР ҚПК 538-бап. Педагог пен психологтің қатысуы. Он алты жасқа толмаған, сондай-ақ осы жасқа толған, бірақ психикалық дамуында артта қалу белгілері бар кәмелетке толмаған күдіктінің, айыпталушының, сотталушының қатысуымен процестік әрекеттер жүргізілген кезде педагогтің немесе психологтің қатысуы міндетті. Он алты жасқа толған кәмелетке толмағандар туралы істер бойынша педагог немесе психолог тергеушінің немесе соттың қалауы бойынша не қорғаушының, заңды өкілдің өтінішхаты бойынша іске қатысуға жіберіледі. Педагог, психолог тергеушінің немесе соттың рұқсатымен

кәмелетке толмаған күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға сұрақтар қоюға, ал процестік әрекет аяқталғаннан кейін – тергеу әрекетінің хаттамасымен (өздерінің сот талқылауына қатысуын көрсететін бөлігінде сот отырысының хаттамасымен) танысуға және онда жасалған жазбалардың дұрыстығы мен толықтығы туралы жазбаша ескерту жасауға құқылы, тергеушінің, соттың қалауы бойынша кәмелетке толмаған адамның жеке басын сипаттайтын іс материалдарымен танысуға құқығы бар. Бұл құқықтарды тергеуші, прокурор немесе сот процестік әрекет басталар алдында педагогке, психологке түсіндіреді, ол туралы тергеу әрекетінің хаттамасында, сот отырысының хаттамасында белгі жасалады.

ҚР ҚПК 539-бап. Кәмелетке толмаған адамға кешенді психологиялық-психиатриялық және психологиялық сараптама жасау

Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша күдіктінің, айыпталушының өз әрекеттеріне есеп беру және іс бойынша анықталған жағдайларда өз әрекеттерін игеру қабілетін, оның есінің дұрыстығын, онда есі дұрыстығын жоққа шығармайтын психикасының бұзылуы бар (жоқ) екенін айқындау үшін психологиялық-психиатриялық сараптама жүргізу міндетті.

Кәмелетке толмаған күдіктінің, айыпталушының зияткерлік, ерік-жігерлік, психикалық дамуының деңгейін, жеке басының өзге де психологиялық қырларын анықтау үшін психологиялық сараптама тағайындалуы мүмкін.

ҚР ҚПК 540-бап. Кәмелетке толмаған адамды бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды заңға сәйкес жүзеге асыратын ұйымға орналастыру немесе патронатқа беру.

Кәмелетке толмаған күдікті өмір сүру және тәрбиелену жағдайлары бойынша бұрынғы тұрғылықты жерінде қалдырыла алмайтын жағдайларда, ол қылмыстық процесті жүргізетін органның қаулысы бойынша, қорғаншылық және қамқоршылық органдарының қатысуымен қылмыстық процесс бойынша іс жүргізу кезеңінде тұру үшін бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды заңға сәйкес жүзеге асыратын ұйымға орналастырылуы немесе патронатқа берілуі мүмкін.

Аталмыш санаттағы адамдардан жауап алу арқылы жеткіншектің тұрмысы мен тәрбиесіне қатысты сұрақтар және оның жеке басының ерекшеліктері айқындалады. Жауап алу барысында қылмысты жасауға итермелеген, қылмыстық мінез-құлық қозғамын анықтаған, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға жазасыздықты иландыру жағдайлары анықталуы мүмкін. Кәмелетке толмағандардың тәрбиесіне жауапты адамдардан жауап алу процесі жеткіншектің тән және психикалық жағынан даму мәселелеріне, тұрмыс, оқу, жұмыс жағдайларына, қоршаған ортасына, уақыт өткізу, әуестікке қатысты сұрақтарды қамтиды. Жауап алу және басқа да тергеу әрекеттерінің нәтижелері бойынша кәмелетке толмағандарға дұрыс тәрбие бермеген үшін ата-ана мен педагогтар жауаптылығы жайлы сұрақ қойылады; ата-анаға қатысты – жасырушылық үшін, ал қылмыстық қызметке, қоғамға жат қылыққа, маскүнемдікке, жезөкшелікке, есірткі зат пайдалануға баулу үшін жауапқа

тарту мәселесі қойылады. Біріншіден, тергеуші ата-анамен байланысады, әсіресе, егер кәмелетке толмаған сезікті ұсталынып, қамауға алынғанда. Ата-аналардан толық көлемде және барлық сұрақтар бойынша жауап алу мүмкіндігі болмаса, еңғұрмаса мынадай мәселелер төңірегінде әңгімелескен жөн: қандай іс-әрекеттер жасағаны үшін жеткіншек ұсталды; жүргізіліп жатқан тергеудің шыңайы екендігіне көзін жеткізу; жасалған қылмыстың себептерін анықтау үшін және келешектегі тәрбиелеу шараларын айқындау үшін, олардың берген шыңайы жауаптарының қаншалықты маңызды екендігін түсіндіру.

Ата-ананың екеуіненде жауап алу керек, өйткені олар баланың тәрбиесіне әртүрлі көзқараста болып, кәмелетке толмағанның өмірі туралы әрқалай хабардар болуы ықтимал. Кәмелетке толмағандардың тәрбиесіне жауапты адамдардан толымды жауап алуды қамтамасыз ету мақсатында рет-ретімен мынадай мәлеметтерге байланысты сұрақтар қойылу керек: семья құрамы; оқу және демалыс жағдайлары; оқу үлгерімділігі; құрдастар маңайы, бос уақытты қалай және кіммен өткізеді; жеткіншектің бос уақытын ата-ана қалай бақылайды; сабағы қалай және оқу орнында өзін-өзі қалай ұстайды; жұмыста, тұрғылықты жерде өзін-өзі қалай ұстайды; спирт ішімдіктерін пайдаланама, қашаннан бері, оған кім үйретті; басқа да қызығушылықтары мен әуестіктері, бұрын жасалған бұзатарлық, ол үшін үйде, мектепте және басқа да оқу мекемесінде қолданылған шара; үйден қашып кеткен күндері болды ма, бір түн түнемегендегі ата-ананың көзқарасы; ұжымдағы қарым-қатынас; ата-ана арасындағы және олармен жеткіншек арасынағы қарым-қатынас; жасалған қылмыс жайлы қандай ақпаратқа ие; ол туралы жеткіншекпен болған әңгіменің мазмұны; қылмыс болған күндегі жеткіншектің уақыт өткізу сипаты (егер ол әлі ұсталмаған). Қылмыстарды тергеу тәжірибесіне сәйкес, ата-ана қаншалықты өз баласының тағдырына мүдделі болса да, тергеу үстінде шыңайы көрсетулер береді. Өз балаларының мінез-құлқындағы жағымсыздықтарды және ол үшін өздерін жауапты төмендеткісі келсе де, әдетте, олар деректерді бұрмалауға тырысады. Мүмкін мұндай деректер басқа түпнұсқалардан бәрібір алынатындығын түсінетін шығар. Сондықтан да, ата-ана берген жауаптың дәлелдемелік маңызы мүшкіл деген жаппай көзқарастың жеткілікті негізі жоқ.

Педагог, тәрбиешіден жауап алу барысында жеткіншектің психофизиологиялық даму ерекшеліктері, оның мінезі, сұранысы, байланысы, жасына байланысты өзгешеліктері жайлы мағұлматтар алуға болады. Бұл адамдар семьядағы рухани атмосфера, ата-ана арасындағы қарым-қатынас, жеткіншектің тұрмысы мен тәрбиесі, қоғамға жат көзқарастардың пайда болу себептері, әдеттері туралы хабардар болуы мүмкін.

Мұғалімдер мен тәрбиешілердің көрсетулері ата-аналарға қарағанда шыңайы болады.

Кәмелетке толмағандардың қылмысын тергеу кезіндегі беттестіруге байқап қарап, оны тек ерекше жағдайларда ғана жүргізген жөн. Беттестіруге қатысуға кәмелетке толмағандар шын пейілмен бара қоймайды. Бұл жердегі негізгі қозғамдар: сатқын болу және жазадан қорқу. Беттестіру жүргізу әдетте, тергеуші мен кәмелетке толмаған арасындағы психологиялық байланысты құртады. Ең бастысы – басқа қатысушының ықпал етуіне қарай жеткіншек өз

көрсетулерін өзгерту қаупі. Күрделі ситуацияларда жеткіншекке өзін-өзі ұстау кейде қиынға түседі, мысалы, ересек адамның беттестіру үстінде де өз кінәсін мойындамай отыруы, үлкен адам оны қорқытпаса да, кәмелетке толмағанның өз позициясын өзгертуге себеп болуы ықтимал.

Кәмелетке толмағандар арасында жүргізілетін беттестірулер де оңай емес. Әшкерлейтін көрсетулерді басқа қатысушы араларындағы жаман қарым-қатынаспен түсіндіріп жатады.

Егер көрсетулердегі кереғарлықтар мен қарама-қайшылықтарды беттестірусіз жою мүмкіндігі болса, тергеуші ол мүмкіндікті пайдаланғаны жөн. Қарама-қайшылықтар жиналған дәлелдемелерді талдау, қажетті құжаттарды талап ету, тергеу әрекеттерін (тергеу эксперименті, көрсетулерді оқиға болған жерде тексеру және т.б.) жүргізу арқылы жойылады.

Кәмелетке толмаған айыпталушы, куәдан жауап алу ұнтаспаға жазылып, көрсетулерінде кереғарлықтар бар адамға ұсынылуы мүмкін.

Сараптамалар тағайындау. Жасалған қылмыс сипатына қарай әртүрлі сараптамалар тағайындалуы мүмкін: сот-баллистикалық, трасологиялық және т.б., алайда мұндай санаттағы істер бойынша сот-медициналық сараптамалар тағайындалады: сот-психиатриялық, сот-психологиялық және кешенді сараптамалар.

Кәмелетке толмағанның жасын көрсететін құжаттар болмағанда, жасы қасақана жасырылғанда және қолдағы құжаттар күмән тудырғанда міндетті түрде сот-медициналық сараптама тағайындалады. Сот-медициналық сараптама ағзадағы жастық өзгерістер жайлы ғылыми мәліметтерге негізделеді: жалпы анатомиялық-физиологиялық даму, скелеттің сүйек болу деңгейі, тіс аппаратының қалыптасуы және т.б. Жасы бірқатар жақындатумен анықталады. Мұндай жағдайларда туған күні мен айы ретінде сарапшылар анықтаған жылдың 31–желтоқсаны қабылданады.

Сот-психиатриялық сараптама кәмелетке толмағанның психикалық жағдайын зерттеу үшін тағайындалады. Жеткіншектің психикасындағы ақаулар созылмалы аурулар, есінің уақытша ауысуы, кем ақыл немесе басқа да аурулық жағдайлар салдарынан пайда болады.

Осындай қалыптан ауытқулар арасында адамның сезімге бой алдырушылықтағы үйлесімсіздік арқылы байқалатын есалаңдық кездеседі: көтеріңкі ашушандық, дөрекілік, төбелеске бейім болу, иланушылық, қасақылық. Әуесқойлық түріндегі есалаңдық: қаңғыбастыққа (дромомания), өртке (пиромания), ұрлыққа (клептомани) әуес болу және т.б.

Кейде кәмелетке толмаған құқық бұзушылар қатарында кемақылдылықпен (олигофрения) ауыратындар кездеседі. Мұндай жеткіншектер ақыл-ойдың кем дамуымен және сезімге бой алдырушылық сферасындағы өзгерістермен сипатталады.

Ақыл-ойдың кем болуын айқындау мақсатында сот-психологиялық сараптама тағайындалады. Ақыл-ойдың кем болуы есінің ауысу салдарының нәтижесі екендігін ескерсек, бірден кешенді психологиялық-психиатриялық сараптама тағайындаған жөн.

Сот-психологиялық және кешенді психологиялық-психиатриялық сараптамаларға мынадай сұрақтар қойылады: кәмелетке толмағанның ақыл-ой дамуының деңгейі қандай; осы жасқа сай, жеткіншек ақыл-ойының дамуында ауытқулар бар ма; бұл ауытқуларға не себеп болған, психикалық аурудың нәтижесі емес пе; кәмелетке толмаған (сәби) тән және психикалық жағдайына байланысты оқиғаны дұрыс қамти алдыма және соған қатысты біркелкі жауап бере алдыма; кәмелетке толмаған өзіне қарсы жасалған қимылдарға байланысты іске асырған әрекеттерді толық сезіне білді ме; жеткіншек өз қимылдарын басқара алдыма және қандай деңгейде.

Қандай болмасын сараптама тағайындалғанда қорғаушы жағынан кәмелетке толмағанға (айыпталушы, сезікті, жәбірленуші) көмек көрсетілу керек: құқығына, сараптама жүргізуіне, оған жіберілетін материалдарға байланысты.

Тергеушінің алдын алу жұмысының ең басты мақсаты – нақты қылмысқа итермелейтін немесе келешекте қайталануына себеп болатын жағдайларды жою.

Кәмелетке толмағандарда қоғамға жат қылықтар мен қылмыстық мінез-құлықтың пайда болып, қалыптасуына себеп болатын типтік жағдайлар: а) кәмелетке толмағанның тәрбиесіне деген немқұрайлық көзқарас (үйде, мектепте, жұмыста және т.б.); б) қоршаған ортаның теріс ықпалы (семьяда, мектепте, интернатта, өндірісте); в) үлкендер және замандастар тарапынан қылмыс жасауға тікелей азғырушылық; г) кәмелетке толмағандар арасында профилактикалық жұмыс жүргізетін органдар қызметіндегі кемшіліктер.

Алдын алушылық ұсынымдарды дайындау үшін тергеуші бұрыс тәрбие беретін немесе теріс ықпал жасайтындар шенберін, сондай-ақ қылмыс жасаудан бас тартуға кедергі болған жағдайларды анықтау керек.

Мұндай жұмыс кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу және қоғамға жат қылықтардан сақтау міндеттерін жүктеуге байланысты заңнамалар жүйесін ескере отырып жасалынады.

Профилактикалық әрекеттер ретінде кәмелетке толмағандарды жұмысқа орналастыру, оқуға қайтару немесе арнайы оқу мекемелеріне жіберу жүреді.

Кәмелетке толмағанға теріс ықпал жасайтын ата-аналарды тәрбие құқығынан айыру, оларды пәтерден шығарып тастау шаралары, қамқоршы тағайындау сияқты әрекеттер маңызды алдын алу шараларына жатады.

Егер кәмелетке толмағанға қоршаған орта ықпал етсе, бұл ортадан шектету немесе оны өзгертуге бағытталған шара қолданылады. Қазіргі кезде мұндай мүмкіндіктер шектеулі, алайда, педагогтар ұжымы, тұрғылықты жердегі спорт және ойын-сауық өкілдері, полиция учаскелік инспекторларымен бұл шара іске асырылуы мүмкін.

Осы мақсатпен тергеуші ресми мекемелерге ұсыным жібереді, тұрғындар, кәсіпорын алдында сөз сөйлейді. Әдетте тергеуден кейін жүргізілетін мұндай шығып сөйлеуде қылмысқа итермелеген жағдайларға назар аударылады, кәмелетке толмағандардың тәрбиесіне қатысты қандай құқықтық актілер бұзылғандығы, осылар үшін қандай жауаптылыққа тартылды, сондай-ақ мұндай құқық бұзушылықтарды келешекте болдырмау жолдары көрсетіледі.

Кәмелетке толмағандар қылмыстарының алдын алу және оларды құқықтық тәрбиелеу мақсатында ақпарат құралдары пайдаланылады.

ҚР ҚК-нің 82–бабына сәйкес тәрбиелік әсері бар мәжбүрлік шараларын қолданумен байланысты кәмелетке толмағанға қатысты қылмыстық іс қысқартылған жағдайларда да, профилактикалық жұмыс жүргізіледі.

Егер іс жасы толмағанға байланысты қысқартылса, тергеуші қылмыстық жауаптылықтан босату жазасыздық емес екендігін тиісті адамдарға түсіндіру керек. Осы жеткіншек болған кәмелетке толмағандар тобына ерекше назар аударылады.

## Қорытынды

Дәріс соңында кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстарды тергеу аспектілеріне назар аударғым келіп отыр.

Психологиялық, процессуалдық және тактикалық ерекшеліктерді білу және ескеру тергеушіге, тергеудің ең тиімді және ұтымды жоспарын құруға мүмкіндік береді. Осындай санаттағы істер бойынша тергеушілер қызметін мамандандырудың маңызы зор. Кәмелетке толмағандармен күнбе-күн жұмыс істеу, тиісті тергеу әрекеттерін жүргізу тактикасындағы жылдар бойын жинақталған озық тәжірибе қажетті құжаттарды дайындауда және ұйымдастыру шараларын іске асыруда тергеушіге артықшылық береді.

Кәмелетке толмағандар қылмысын талдау құқық қорғау қызметі мұндай қылмыстарды тергеп-ашу және алдын алу сұрақтарын шешуге кешенділік тұрғысынан назар аударғанда ғана пайдасы болатындығын көрсетті. Аталмыш мәселелерді шешудегі кешенділік мысалы ретінде құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәмелетке толмағандар істері бойынша комиссиялары және әкімшіліктердегі кәмелетке толмағандар құқығын қорғау комиссияларымен өзара әрекеттесулерді атап өтуге болады.

Жалпы қылмыстылық алғы шарты ретіндегі кәмелетке толмағандар қылмыстылығының келешекте қаупі бар. Топтарға бірлесе, қалтадан ұрлық жасайтын және ересек қылмыскерлермен басқарылатын бүгінгі жеткіншектер, ертең өздері қылмыс жолына түсуі мүмкін. Құқық қорғау органдары тарапынан кәмелетке толмағандардың қылмысымен күресті нығайту және қоғамға жат мінез-құлықтардың алдын алуға байланысты мәселелердің дер кезінде көпшілік назарына шығарылғандығында ешбір күмән жоқ.



Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Алматы, 2015.
2. Қазақстан Республикасының ҚПК. Алматы, 2015 ж.
3. Жәкішев Е.Ғ. Криминалистік тактика. Оқулық құрал. Алматы, 1997.
4. Нұрғалиев Б.М., Шакенов А.О. Криминалистика. Оқулық құрал. Қарағанды, 2001.
5. Рыбальская В. Я. Проблемы борьбы с преступностью несовершеннолетних. - Иркутск, 1994. - 48 с.
6. Гаверов Г. С. Проблемы наказания несовершеннолетних преступников. - Иркутск, 1986. -155 с.
7. Бабаев М. И. Индивидуализация наказания несовершеннолетних. - М., 1968. – 142 с.
8. Мельникова Э. Б. «Ювенальная юстиция. Проблемы уголовного права уголовного процесса и криминологии». - М., 2003. – 280 с.
9. Жалпы редакциясын басқарған з.ғ.д., профессор Т.Е. Сәрсенбаев Қылмыстық іс жүргізу актілерінің үлгілері (сотқа дейінгі саты).

Дәріс ПӘС отырысында талқыланып мақұлданды  
2016 ж. «\_\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_\_ хаттама